

Кк «С» бағдарлама жасақтамасының 3.50 нұсқасында қолжетімді мүмкіндіктер

Z 7/Z 6 «С» бағдарлама жасақтамасын 3.40 нұсқасынан 3.50 нұсқасына жаңарту төменде сипатталған мүмкіндіктерге қатынас береді. Алдыңғы жаңартуларда қолжетімді мүмкіндіктер туралы ақпаратты Z 7/Z 6 *анықтамалық нұсқаулығы* құжатынан қараңыз.

Фотокамераның бағдарлама жасақтамасының нұсқасын көру немесе фотокамераның бағдарлама жасақтамасын жаңарту үшін баптау мәзірінен **Firmware version (Бағдарлама жасақтамасының нұсқасы)** тармағын таңдаңыз. Z 7/Z 6 үшін соңғы бағдарлама жасақтамасы Nikon жүктеп алулар орталығында қолжетімді.

<https://downloadcenter.nikonimglib.com/>


f2 «Custom control assignment» (Қолданушы басқару элементін тағайындау): «Save Focus Position» (Фокустау күйін сақтау) және «Recall Focus Position» (Фокустау күйін шақыру) қолданушы параметрлері үшін жаңа опциялар

Save focus position (Фокустау күйін сақтау) және Recall focus position (Фокустау күйін шақыру) фотокамераның басқару элементтеріне **f2 (Custom control assignment (Қолданушы басқару элементін тағайындау))** қолданушы параметрін пайдаланып тағайындауға болатын рөлдерге қосылды. **Save focus position (Фокустау күйін сақтау)** опциясын **Lens Fn button (Объективтің Fn түймешірі)** басқару элементіне тағайындау, содан кейін объективтің **Fn** түймешігін басып, ұстап тұру арқылы ағымдағы фокустау күйін сақтай аласыз. **Recall focus position (Фокустау күйін шақыру)** опциясын **Lens Fn2 button (Объективтің Fn2 түймешірі)** басқару элементіне тағайындау және объективтің **Fn2** түймешігін басу («жадты шақыру») арқылы сақталған күйде лезде қалпына келтіруге болады. Бекітілген фокустау қашықтықтарындағы нысандарға жиі оралсаңыз, бұл пайдалы болуы мүмкін.


- Жадты шақыру функциясы фотокамераға **Fn** және **Fn2** түймешіктерімен жабдықталған автофокусы және Z бекіткіші бар объективі бекітулі кезде ғана қолжетімді. Объектив **Fn2** түймешігімен жабдықталмаған болса, тіпті **Save focus position (Фокустау күйін сақтау)** опциясы объективтің **Fn** түймешігіне тағайындалған болса да, фотокамера фокустау күйін сақтай алмайды.
- Фокустау күйлерін фотосурет режимінде де, бейне режимінде де сақтауға және шақыруға болады.
- Фокустау күйлерін кез келген фокустау режимінде сақтауға болады.
- Объективті ажыратқанда сақталған фокустау күйі ысырылады.

Жадты шақыру

- 1 Save focus position (Фокустау күйін сақтау) опциясын f2 (Custom control assignment (Қолданушы басқару элементін тағайындау)) > Lens Fn button (Объективтің Fn түймешігі) қолданушы параметрі үшін таңдаңыз.




- 2 Recall focus position (Фокустау күйін шақыру) опциясын f2 (Custom control assignment (Қолданушы басқару элементін тағайындау)) > Lens Fn2 button (Объективтің Fn2 түймешігі) қолданушы параметрі үшін таңдаңыз.




- 3 Түсіру режимінің дисплейінде қалаған нысанды фокустап, объективтің Fn түймешігін басып, ұстап тұрыңыз.

Әрекет сәтті болса, түсіру режимінің дисплейінде белгіше пайда болып, фокустау күйі сақталғанын көрсетеді.



- 4 Объективтің Fn2 түймешігін басыңыз.

- Сақталған фокустау күйі қалпына келтіріледі.
- Объективтің **Fn2** түймешігін ұстап тұру қолмен реттелетін фокусты белсендіреді және бұл басқару элементі басулы кезде ысырманы босату түймешігін жартылай бассаңыз, фотокамера қайта фокустамайды.



✔ Сақтық ескертулер: жадты шақыру

- Түсірілім мәліметі көрсетіліп тұрғанда фокустау күйлерін сақтау мүмкін емес.
- Қоршаған орта температурасындағы өзгерістер фокустың өзі сақталғаннан басқа күйге шақырылуына әкелуі мүмкін.
- Объективтің фокустық қашықтығы масштабтау арқылы реттелгеннен кейін шақырылса, бұрын сақталған фокустау күйлері өзгеруі мүмкін. Объективтің фокустық қашықтығы реттелгеннен кейін сақталған фокустау күйі шақырылса, фотокамера төрт қысқа дыбыстық сигналды шығарады. Бірақ баптау мәзірінде **Beep options (Дыбыстық сигнал опциялары)** > **Beep on/off (Дыбыстық сигнал қосулы/өшірулі)** үшін **Off (Өшірулі)** дегеннен басқа опция таңдалған болуы керек.

✔ Дыбыстық сигнал

- Баптау мәзірінде **Beep options (Дыбыстық сигнал опциялары)** > **Beep on/off (Дыбыстық сигнал қосулы/өшірулі)** үшін **Off (Өшірулі)** дегеннен басқа опция таңдалған болса, фотосурет режимінде фокустау күйі сақталғанда немесе шақырылғанда, фотокамера екі қысқа дыбыстық сигнал шығарады.
- Дыбыссыз фотосурет түсіру кезінде, бейне режимінде немесе **Beep options (Дыбыстық сигнал опциялары)** > **Beep on/off (Дыбыстық сигнал қосулы/өшірулі)** үшін **Off (Өшірулі)** күйі таңдалған кезде дыбыстық сигнал шықпайды.